

ӘОЖ 94 (575.1)

**АБУ-Л-ҒАЗИДІҢ «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ»
ШЫГАРМАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Ташқараева Әсел Мұхтарқызы
assel_muxtarovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының 2-курс докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Е. Көмеков

Қазіргі ғылыми зерттеулер үшін ортағасырлық ғалымдардың еңбегі маңызды, алайда араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған қолжазбалардың барлығының дерлік қазақша аудармасы жоқ, аз зерттелді немесе тек сала ғалымдарының шағын бөлігіне ғана қолжетімді күйінде қалып келеді. Қолжазбалардың көпшілігін алғаш болып еуропалық және Ресей ғалымдары оқып, зерттеген. Мұндай қолжазбалардың қатарына Хиуа ханы, тарихшы Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасы жатады. Шығарманың ғылыми айналымға енген А.Г.Туманскийдің, А.Н.Коновтың орыс тіліндегі аудармасы бар, басқа да шығыстанушы, түркітанушы ғалымдардың ізденістерінде көрініс тапқан. Дегенмен, шығарманың тарихнамалық және деректемелік мәселелері жан-жакты қарасытырылып, терең зерттеуді қажет етеді.

Абу-л-ғазидің 1071 жылы (1660-1661) жазылған «Шежіре-и-таракиме» шығармасын алғашқы болып аударып, ғылыми әлемге таныстырған А.Г.Туманский еді [1]. Жалпы түркі

халықтарының, оның ішінде түрікмендердің шежіресі, шығу тарихы ғылыми жолға қойылмаған кезде жарық көрген А.Туманскийдің еңбегінің маңызы жоғары. Алайда, оның аудармасында шежіренің кейбір беттері аударылмай кеткен. А.Туманскийдің аудармасын назарға алғып, еңбектің барлық қолжазба тізімімен салыстыра отырып аударған көрнекті түркітанушы А.Н.Кононов еді. Ол Абу-л-газидің шығармадағы тілі мен стилін толық сақтап, мәтінін орыс тіліне дәлірек жеткізді [2, 30 б]. Түрколог-ғалым Н.Келімбетов А.Кононовтың аудармасы туралы: «Абу-л-газидің жазған «Түрікмен шежіресінің» тұпнұсқасы бізге жетпеген. Бұл шығарманың әр уақытта, әр жерде, әр түрлі хуснихатшылар тарарапынан көшірілген жеті нұсқасы сақталған. Белгілі совет түркологы А.Н.Кононов соның бәрін жинап, егжей-тегжейлі зерттеді, ғылыми негіздегі текстін әзірлең, бір ізге түсірді, әрі оны орыс тіліне аударып шықты», - дейді [3, 87 б].

А.Кононов көпжылдық ізденістерінің нәтижесінде Абу-л-газидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасындағы деректерге түсіндірмелер жазып, есімдер, географиялық атаулар, тайпа аттары, терминдерің тізімін жасап, еңбектің грамматикалық очеркін жазды. Автор еңбекті жазуда шығыстанушы-ғалымдар С.Е.Маловтың, М.С.Михайлопын, А.П.Поцелуйевскийдің, В.А.Ромодиннің, А.А.Семеновтың, А.Т.Тагирджановтың, А.М.Щербактың және А.Ю.Якубовскийдің кеңестеріне жүгінгендігін жазған [2, 32 б].

А.Кононов «Түрікмен шежіресінің» маңыздылығын Абу-л-газидің түрікмендер арасында тараған халық шежіресін, аныздардың таратуын жақсы білгенімен түсіндіреді. Ол шығармада келтірілген фактілердің шынайылығына қарай үшке бөліп қарастыруға болады дейді:

- таураттық сипаттағы мәліметтер;
- оғыз-түрікмен эпостарына негізделген Оғыз және оның ұрпақтарына қатысты аныздар;
- аңыз күйінде жеткен, бірақ шынайы негізі бар мәліметтер. Мысалы, оғыздардың шығуы, бөлінуі, тарапуы туралы, тамғалар мен онғондар туралы мәліметтер, елдер мен аймақтар туралы мәліметтер, т.б. Түрколог-ғалым әсіресе, түрікмендер арасында кең тараған әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас туралы мәліметтер құнды дей келе, бұл шығарма тек тарихи маңызды дереккөзі ғана емес, сонымен қатар халық аныздары, әңгімелері, этнонимдер этимологиясы, мақалдары шебер көрініс тапқан мәдени ескерткіш деген түйін жасайды [2, 22-23 б].

Ортағасырлық қолжазбаларды оқып, зерттеуде және оларды ғылыми айналымға енгізуде шығыстанушы-ғалымдардың шоқжұлдызына айналған шығыстанушы-түрколог В.Бартольдтің орны ерекше. Ғалым ортағасырлық араб, парсы ғалымдарының құнды деректері негізінде ауқымды зерттеулер жүргізген. «Түрікмендер шежіресін» арнайы зерттемесе де, түрікмен халқының тарихы туралы очеркін жазуда Абу-л-Газидің «Шежіре-и-Таракиме» және «Шежіре-и-түрік» шығармаларының деректерін пайдаланып, салыстырмалы талдау жасаған.

В.В.Бартольд «Шежіре-и-Таракиме» шығармасы туралы: «Басқа түркі елдерінде жоқ түрікмендер туралы арнайы тарихи шығарма», яғни, еңбекте моңғол дәуіріне дейінгі түрікмен тайпаларының атаулары берілген және басқа түркі халықтары туралы мұнданың дерек еш жерде кездестірмейміз», - деп еңбектің түрікмендер үшін құндылығын атап өтеді. Сондай-ақ, В.В.Бартольд бұл еңбекті пайдаланғанда сақтықпен қараша көрек деп есептейді, себебі, Рашид ад-диннің еңбегінен алынған мәліметтерді санамағанда, бұл шығарма ауызша әңгімелерге негізделіп жазылған дейді [4, 584 б.].

Әлемдік ғылымға қомақты үлес қосқан және құнды қолжазбаларды оқып зерттеушілердің қатарындағы алғашқы қазақ ғалымы Ш.Уалиханов Қазақстанның, Қырғызстанның, Онтустік Сібір және Шығыс Түркістанның тарих, этнография, мәдениет, экономика, физикалық география салаларын терең ғылыми зерттеулермен толықтырды. Ол Қадырғали Жалайыридің «Джами-ат-тауарих» кітабынан үзінді келтіргендеге Абу-л-газидің еңбегін қарастырып, салыстырулар жасаған [5, 197 б].

Түрікмен халқының тарихын зерттеуде Абу-л-ғазидің шығармасы кеңінен пайдаланылған. Мысалы, «Материалы по истории туркмен и Туркмении» еңбегінде автордың шығармасына сілтеме жасай отырып, кітаптың 2-томында редакция: «Жартылай анызға негізделіп жазылғанына қарамастан, бұл шығарма түрікмендердің шығу тегі мен ерте тарихы туралы бірқатар сұрақтарды анықтауда маңызды еңбек болып табылады», - деген пікір жазады [6, 32 б]. Түркмендер мен Түркмения тарихын зерттеуге маңызды үлесін қосқан И.Г.Карпов (1890-1947) «Шежіре-и-Таракиме» түрікмен тайпаларының тарихы туралы бағалы мәліметтер береді деп есептейді [8, 28 б].

Көрнекті ғалым О.Туманович Абу-л-ғазидің «Түрікмендер шежіресінде» уақыт жағынан үлкен үзілістердің болуына және мәліметтердің көбі аныздық сипатта жазылған, дегенмен еңбекті толықтыру арқылы негізгі дерек көзіне айналдыруға болады деп есептейді. [7, 75 б]. ал, С.П.Толстов болса, «Шежіре-и-Таракиме» шығармасының хронологиялық шатасуышылқ пен анахронизмге (уақыт сәйкесіздігі) толылығына қарамастан, оны құраушы компоненттері мен оған сәйкес тарихи анализ жасап, сынни тұрғыда бөлшектегендे түрікмен тарихының тек кейінгі ғана емес, ертеректегі тарихы туралы да маңызды құжат бола алады», - деген пікір айтады [9, 91 б]. Түрікмен тарихын зерттеушілер А.Каррыев мен А.Ю.Якубовский Абу-л-Ғазидің «Шежіре-и-Түрік» және «Шежіре-и-Таракиме» шығармаларының, әсіреле соңғысының түрікмендердің жаңа тайпалық ұйымдары мен бірігу процесін белгілі дәрежеде суреттеп берген жалғыз дереккөзі ретінде мәлімдеді [10, 163 б].

Түріктанушы А.М.Щербак «Оғыз-наме» ежелгі ұйғыр жазбасының сипаттамасын жазуда: «Шежіре-и-таракиме» шығармасында «Оғыз-намеден» үзінді жазуда стилі бөлек қолжазбамен жаңа параллестиктеп жазуы қызығушылық тудырады. Еңбекте Оғыздың балаларын жазуға ерекше көңіл бөлінген», - дейді [11, 21 б].

1964 жылы Ташкентте А.Урунбаевтың пен Л.М.Епифановының редакциясымен және қатысуымен жарық көрген «Собрание восточных рукописей Академии наук узбекской ССР» еңбегінің 7-томында Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасы ежелгі дәуірден еңбек жазылған кезге дейінгі (1071/1661 ж.) түркмен халқының тарихын қамтитын еңбек деп аталып өтеді [12, 7 б], Кітаптың «Орта Азия тарихы» тарауында: «Қолжазба керемет каллиграфиялық жазумен фабрикалық қағазға жазылған. Бірінші параллель жоғарғы және төменгі бөлігі жыртылған. Каллиграфтың есімі мен жазылған уақыты белгісіз. (қолжазбаның соңғы беті де жыртылған). Палеографиялық мәліметтер бойынша қолжазба XIX ғасырға жатады. 64 бет. 14x21», - деп жазды [12, 29 б].

Түркі халықтарының әдебиетін зерттеуші Х.Г.Көроғлы Абу-л-ғазидің «Түрікмендер шежіресін» жазуда оғыз эпикалық дәстүріне сәйкес шежірені Таурат пен Құран сюжеттері бойынша Адам атадан бастап жазған дей келе, Абу-л-ғазидің шығармасын өз еңбектерінде пайдаланған [13, 28 б]. А.М.Жиренчин де «История казахской книги» кітабында «Оғыз-наме» дастанын зерттеуде Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» кітабы қызығушылық тудырады деп жазып өтті [14, 34 б].

«Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» жазбаларының тексттерін баспаға дайындал, қазак тіліне аударған және зерттеу мақалаларын жазған Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев «Оғыз-наме» дастанында сипатталатын басты қаһарман – Оғыз туралы әр түста жазылған тарихи деректер аз емес екенін, осы орайда, ең алдымен, Әблілғазы Бахадур ханының «Шежіре-и-турк» атты еңбегін бөліп атау қажет екенін жазды. Алайда, қайсібір зерттеулерде Әблілғазы шежіресі Рашид-ад-Диннің «Жами-ат-тауарих» еңбегінің тікелей көшірмесі деген пікір де бар. (Риза Нұр). Бұл тұжырымының негіzsіз екенін Әблілғазы шежіресіндегі мәліметтердің әлдеқайда кен, молдығы да дәлелдей алады дейді [15, 4-5 бб]. Негізі, авторлар бұл пікірді Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-турк» еңбегіне қатысты айтып отыр. Егер «Шежіре-и-таракиме» және «Шежіре-и-турк» шығармаларындағы Оғыз қаған туралы мәліметтердің берілуі бірдей екенін ескерсек, бұл пікірді біз зерттеп отырған шығарма турасында да айтылған пікір деп қарастыруымызға болады.

Көрнекті шығыстанушы академик А. Н. Самойлович 1906—1907 жж. Туркмениядан Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракимесінің» Корқыт және Көр-оғлы туралы аныздар жазылған

қолжазбасын табады. Ол қолжазбаның бір бөлігін сол кездің өзінде-ақ жариялаған болатын [16, 35 б].

Көрнекті ғалым, шежіре тарихын зерттеуші профессор М.Алпысбес Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасын далалық тарихи ауызша әнгімен хатталған шежірелік еңбектер қатарында және осындай ортағасырлық шежірелік туындылардың көптеген көшірмелері мен жеке нұсқалары болғанын, сондай-ақ, бұл еңбектер басқа тарихи шығармалардың жазылуына негіз болғанын жаза келе [17, 41 б], «Қазақ шежірелерінің мазмұнындағы түрік-монгол дәуіріне қатысты мәліметтер Рашид-ад-диннің, Бабырдың, М.Қ.Дулатидің, Қ.Қ.Жалайырдың, Мұхаммед Шайбанидің, Әбілғазы Баһадұр ханының жазып кеткен көпке таныс деректерінен құралған мәлімет мол болғандықтан, олардың еңбегін шежірелік протограф ретінде қызмет атқарған деп қабылдау керек», -деген баға береді [17, 47 б]. Профессор «Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу» монографиясын жазуда: «Орта Азияда хан тұқымдарынан алғашқы болып шежірені жазба түрде таратқан адам Хиуа хандығының бас әкімі – Әбілғазы Баһадұр хан. Оның «Түрікмен шежіресі» аталатын көлемді еңбегі Азияда, әсіресе Орта азияда өмір сүрген ақсүйектердің ата-тегін талдауга арналған», -деп жазады [17, 163 б]. Сондай-ақ, М.Алпысбес Шежіренің көп нұсқасы түркмен руларында сақталғанын, кейбірі ауызша дәстүрде жалғасса, көбі өз кезінде жазылып алынып, қолжазба күйінде әкеден балаға беріліп отырғанын, Түрікмендерде шежірені ең қадірлі, белгілі, құрметті адамдардың қолында, көбіне ақсақалдарда сақталған дейді. «Сондай насабнамалар ішінде әсіресе XVII ғасырда Хиуа ханы Әбілғазы тарарапынан жазылған «Шежіре-и-таракиме» әйгілі», -дей келе [17, 183 б]. ғалым Әбілғазы баһадұр хан оған дейінгі және кейінгі басқа да ортағасырлық ғалымдардың еңбектері түріктерде жазба мәдениетінің үзіліссіз жүріп отыруының айқын көрінісі екендігін көрсетеді деген пікір білдіреді.

Қорыта келе, Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасының зерттелу деңгейі осылай болды. Еңбек әлі де ғылыми талдауды, терең зерттеуді қажет етеді. Бұл алдағы уақыттағы ұлken ізденисті міндет болып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абуль-гази-Бохадур-хан. Родословная туркмен. Перевод А.Туманского, Асхабад, 1897.
2. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана хивинского. Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1958.
3. Н.Келімбетов. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі.-Алматы: «Мектеп», - 1986. – 214 бет.
4. Бартольд В.В. Сочинения том II часть 1. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. Москва, 1963. 1020 стр.
5. Уалиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы/Шоқан Уалиханов. – Алматы: «Толагай групп», 2010. Т1. – 376 бет.
6. Материалы по истории туркмен и Туркмении, т. II XVI-XIX вв., Иранские, бухарские и хивинские источники. Под ред. акад. В.В.Струве, А.К.Боровкова, А.А.Ромаскевича и П.П.Иванова, М.-Л., 1938.
7. «Туркменистан и туркмены» материалы к изучению истории и этнографии. Асхабад-Полторацк. – 1926.
8. Родословная туркмен. Туркменоведение, 1928, №12
9. Толстов С.П./Советская этнография, сборник статей. № 1 Институт этнографии имени Миклухо-Маклая. Издательство академии, 1947
10. Каррыев А., Мошкова В.Г., Насонов А.Н., Якубовский А.Ю. Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в VIII-XIX вв./под ред. члена-корр. АН СССР А.Ю.Якубовского. Ашхабад, 1954.

11. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. Памятники древнеуйгурской и староузбекской письменности. Москва: издательство восточной литературы, 1959. – 170 стр.
12. Собрание восточных рукописей Академии наук узбекской ССР/под редакцией и при участии кандидата исторических наук А.Урунбаева и кандидата филологических наук Л.М.Епифановой. Ташкент: издательство «Наука», 1964. 556 бет.
13. Короглы Х.Г. Огузский героический эпос. Москва, 1976.
14. Жиренчин А.М. История казахской книги. – Алма-ата: «Қазақстан», - 1987.- 144 стр.
15. «Оғыз-наме». «Мұхаббат-наме». Алматы: Ғылым, 1986. – 208 бет.
16. Жиренчин А.М. История казахской книги. – Алма-ата: «Қазақстан», - 1987.- 144 стр.
17. Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография. – Астана: «BG-Print» Жк, 2013. – 380 б.